

«Шапағат» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Тақырыбы:
«ҚЫСҚЫ ҚЫЗЫҚТЫ ОЙЫНДАР»
(Эстафеталық ойындар)

Тәрбиеші: Таубасова С

Тақырыбы: «Қыс қызығы» қызық ойындар ұйымдастыру.

Мақсаты: Балалардың қыс туралы түсініктерін кеңейтіп, қысқы ойындар мазмұнын меңгерту, спорт туралы білімдерін кеңейту, қызығушылықтарын арттыру. Бала денесін ойын арқылы қозғалысқа келтіріп, таза ауада шанықтыру. Іс-әрекетке деген қызығушылығын ойын арқылы қалыптастыру. Балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру. Салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Қажетті құрал-жабдықтар: Кедергілер, шелектер, шана, күрек, шанғы, аққалаға керекті заттар.

Тәрбиеші: Құрметті ата-аналар, апайлар, балалар. «Күншуақ» ересек тобы балаларының «Қысқы қызықты ойындар» атты қызықты ойындар ұйымдастырылған іс-әрекетімізге қош келдіңіздер!

Шаттық шеңбері

Балалар алаңда екі қатарға тұрып, бір-біріне қарап, тілектер айтады.

Қайырымды таңдаймыз,

Күлімдеген күндейміз.

Ренжуді білмейміз

Қуанамын менде,

Қуанасың сен де,

Қуанайық бәріміз арайлап атқан күнге.

Қайырлы таң апайлар!

Қайырлы таң балалар!

Балалар бүгінгі ауа райына назар салайықшы, бүгінгі ауа райы қандай?

Балалар бір жылда неше мезгіл бар?

Қазір жылдың қай мезгілі?

Қыс мезгілінде неше ай бар?

Қыс мезгілінде ауа райында қандай өзгерістер болады?

Тапсажайып сәт: Аққала келеді.

Ол өзімен бірге тапсырмалар алып келеді.

Аққала: Тапсырмаларымен балаларды таныстырады.

Ол тапсырмаларды орындамас бұрын балалардың қыс мезгілі туралы тапқатарын тыңдап алайық.

Балалар қыс мезгілі туралы тапқатар білесіңдер ме?

Аниса:

Балалар шықты далаға,

Күліп жүр енді.

Шаналармен озады,

Аққаланы соғады.

Алтаир:

Далада қар борайды,

Ақ мамыққа орайды.

Мұз болады катады,

Жып- жыттыр болып жатады.

Жарайсындар балалар!

- Балалар, бүгін біз шапшаңдықпен ұйымшылдықты сынайтын көңілді эстафеталық ойындар ойнаймыз. Эстафета дегеніміз бір-бірімізге көмектесіп, кезекпен тапсырманы орындау.

Балалар, ендеше жарысымызды бастаймыз! Дайынсындар ма?

Балалар: Біз дайынбыз!

- Ал енді құрметті сайыскерлер! Сіздерге сәт сапар! Жарысымызды бастаймыз. Балалар, бүгін ерекше ойындар әлеміне саяхат жасаймыз.

Намысы бар балапандар қайдасын.

Білген дұрыс бұл спорттың пайдасын- дей отырып

«Қыран», «Мерген» топтарын ортаға басшыларымен шақырамыз.

Міне, балалар шықты алаңға.

Жас спортшылар жеке-жеке команда

Ал, балалар өздерінді танындар,

Ептілік, мықтылық, батылдық көрсетіп табанды,

«Ура» деген ұранды біз тастаймыз

Жарысымызды ал енді бастаймыз

«Жеңіске жетеміз!» деп

Жалынды ұран тастаймыз

«Қыран» топ басшысы – Ержанқызы Аниса

Ұраны: Көкпен көрген қыранбыз,
Биіктерге самғаймыз,

«Мерген» топ басшысы – Алтаир

Ұраны: Мергендей нық боламыз,
Асулардан асамыз.

Топтарымызға сәттілік тілеп, көшемет көрсетейік. (Музыка ойналады) Енді сайыс түрлерімен танысайық.

Балалар бүгінгі жарыс 6-кезеңнен тұрады:

1. «Обручтардың үстінен іздерді басып секіру және түрлі-түсті доптарды арнайы дайындалған қорапшаға салу.

2. «Допты алып, кедергілерден өтіп, кері қайту»

3. «Шаңғышылар» деп аталады

Ойынның шарты: Балалар шаңғымен кедергілер арасынан жүріп өтіп, мәреге бірінші болып жеткен топ жеңіске жетеді.

4. «Аққала» жасау жарысы (аққала бейнесін құрастыру)

Ойынның шарты: Балалар аққала құрастырады. Оның көзін, мұрнын, аузын жасайды. Басына шелек кигізіп, қолына сыпырғыш ұстатады. Қай топтың балалары бұрын болса, сол топ жеңеді.

5. Арнайы ағаштан жасалған атқа мініп асықтарды арнайы қоржынға салу.

6. «Арқан тартыс»

Қазақтың ұлттық ойыны: «Арқан тартыс»

Ойын шарты: Арқанның екі жағынан екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып келсе, сол топ жеңіске жетеді.

Жүргізуші: Назар аудар денсаулыққа,
Өмірде бақыттысын денің сауда
«Денсаулық – терен бақыт» деген сөзді
Құр айтпаған ұлы Абай данамыз да.
Денің сауда күштісің бұл әлемде,
Денің сауда сұлусың жер бетінде.
Сол мықты денсаулықтың арқасында
Жетерсің әлі талай бақыттарға.

«Қыран» тобы

«Мерген» тобы

Балалар, жарысқа өте жикем қатыстыңдар, рахмет сендерге, менің әкелген сыйлығым бар! (көрсетіп, апайға береді, топта сыйлығын таратып береді)

Ұрпақ керек ертеңгі алда,
Болашақты болжайтын.
Дені таза, тәні таза,
Елін, жерін қорғайтын!
Денсаулық - басты байлық өмірдегі,
Нәр беретін асыл гой көңілдегі.
Сауауатты өмір салтып насихаттап,
Атанайық жақсы азамат өмірдегі.
Еліміздің болашағы дені сау азаматтардың қолында, Денсаулықтың кепілі –
сауауаттылық. *«Қысқы қызықты ойындар»* атты спорттық жарысымыз
осымен аяқталды. Келіп тамашалағандарыңызға рахмет.